

## Қарағанды қалалық мәслихатының шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған II сессиясының 2012 жылғы 16 сәуірдегі N 31 шешімі. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда N 8-1-155 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 мамырдағы № 409 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 15.05.2019 № 409 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды қалалық мәслихатының келесі шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 21.06.2017 № 171 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

2) IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының LIX сессиясының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы "Қарағанды қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 611 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген N 8-1-146, 2011 жылғы 30 желтоқсандағы N 154 (906) "Взгляд на события" газетінде жарияланған):

шешімнің 1 тармағы 1) тармақшасы мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, шешімнің орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалсын:

"1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, сонымен қатар зейнетақының ең төменгі мөлшерін және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;"

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 21.06.2017 № 171 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Мұқтаров Жанділ Ахуанұлы).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V шақырылған Қарағанды

қалалық мәслихатының кезектен

тыс II сессиясының төрайымы

Л. Айтмағамбетова

Қарағанды қалалық

мәслихатының хатшысы

Қ. Оспанов

Келісілді:

"Қарағанды қаласының жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ж. Ысқақов

16.04.2012 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК